



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

f mmgpress i mangistaumunaigaz\_jsc

№01 (159), ҚАҢТАР-АҚПАН, 2023



Цифровые технологии  
на помощь экологии

3-бет

Ұңғымаларды бұрғылау және  
күрделі жөндеу  
департаментіне 10 жыл

5-бет

Өмірін еңбекпен  
өрнектеген мұнайшы

8-бет

## «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық құрамында жаңа тағайындаулар



Дәулетжан Хасанов

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компания басшылығының құрамындағы келесідей өзгерістерді хабарлайды.

### Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев Ақтаудағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдігінің директоры лауазымына ауысуына байланысты өз қызметінен кетті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев Қ.Есқазиевке жемісті әрі сапалы жұмысы үшін алғыс айтып, жаңа кәсіби бағытта табыс тіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Дәулетжан Хасанов тағайындалды. Ол операциялық активтердегі мұнай мен газды барлау және өндіру бағытына, олардың тиімділігін арттыруға және одан әрі дамытуға, сондай-ақ ҚМГ-нің ресурстар базасын кеңейтуге және кен орындарын тиімді игеруге жетекшілік ететін болады.

Д. Хасанов әр жылдары «Қаражанбас-мұнай» АҚ президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры қызметтерін атқарды.

### Басқарма төрағасының орынбасары

Басқарма төрағасының ірі мұнай-газ жобалары жөніндегі орынбасары Мұрат



Қуаныш Құдайбергенов

Мұнбаев 2022 жылғы желтоқсан айында өз еркімен қызметінен кетті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Қуаныш Құдайбергенов тағайындалды. Ол ірі мұнай-газ активтері бағытына жетекшілік ететін болады.

Әр жылдары «Интегра» ЖАҚ-та бұрғылау инженері, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ техникалық маманы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларын дамыту департаментінің менеджері болып жұмыс істеді, «ҚМГ Қансу Оперейтинг» ЖШС, «Ромпетрол С.А.» компанияларында басшылық қызмет атқарды.

2017 – 2021 жылдары – ҚР Энергетика министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры.

2021 жылдың маусымынан 2023 жылдың қаңтарына дейін – «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» бас директорының орынбасары.

### Басқарма төрағасының орынбасары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып Серікқали Брекешев тағайындалды. Ол газ жобаларын дамыту бағытына жетекшілік ететін болады.

С.Брекешев 2021 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың қаңтарына дейін экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымын атқарды.



Серікқали Брекешев

Әр жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ техникалық саясат департаментінің директоры, бас директордың ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі орынбасары; ҚР мұнай және газ министрлігінде газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры; «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Құрақұдық» ЖАҚ компанияларында инженерлік техникалық қызметтер атқарды.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

### САН ДЕРЕК:

# 6 205 765

«Маңғыстаумұнайгаз»  
акционерлік  
қоғамының  
2023 жылға арналған  
мұнай өндіру  
жоспары

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ -  
3 603 387 тонна.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ -  
2 602 378 тонна.

# Жыл – жемісті, еңбек - еселі

**2022 жыл да мәресіне жетті. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих демекші, кезекті жыл тарих қойнауына кетіп, өлкенің өндіріс алыбының жылнамасы тағы бір томмен толықты. Ендеше, артымызға бір қайырылып қаралық, 2022 жыл несімен есте қалды? Нендей істер тындырылып, қандай жетістіктер қанжығамызды майлады?**

Қазандықтарға құйылған әрбір тамшы мұнай артында мыңдаған адамдардың табанды еңбегі мен қажырлы қызметі жатыр: геологтар мен операторлар, зертханашылар мен дәнекерлеушілер, инженерлер мен экологтар, жүргізушілер мен экономистер және тағы басқа жүздеген мамандық иелері. Ең бірінші жетістігіміз - осы үлкен ұжымның ұйымшылдығы!

Компания көзінің ағы мен қарасындай болған Жетібай мен Қаламқаста 2022 жылы қандай оңтайлы өзгерістер бар, саралап көрелік.

Наурыз айында Қаламқас кенорнында әрқайсысы 52 төсек орынға шақталған екі бірдей жатақхана күрделі жөндеуден кейін пайдалануға берілді. Фимараттардың толық жаңартылуымен қатар сантехникалық құралдар мен мұнайшылар күнделікті тұтынатын тұрмыстық бұйымдар мен жиһаздар да толық ауыстырылды. Желтоқсан айының басында №40 жатақхана осындай түбегейлі жаңартудан өтіп, мұнайшылар игілігіне тапсырылды. Тағы бір жатақхананың күрделі жөндеу жұмыстары дәл қазір жүріп жатыр.

Жетібай кеноры Асар вахталық кенті аумағы аббаттандырылды – жаяу жүргіншілер жолдары салынып, кенттің периметрі бойынша сыртқы жарықтандыру жүйесі күрделі жөндеуден өтті.

Жетібай және Қаламқас кенорындағы тозығы жеткен кеңсе жиһаздары мен спорт құралдары, сантехникалық және тұрмыстық бұйымдар жаңартылды. Оған Компания бюджетінен 137 млн. теңге қаражат жұмсалды.

Бұған қоса, алдағы 5 жылдыққа шақталған арнайы жоспар да жасақталды. Оның аясында кенорындардағы жатақханалар мен асханаларды күрделі жөндеу, жаңа өндірістік және әлеуметтік нысандар салу, операторлық фимараттар мен слесарлық фимараттарды модернизациялау, жиһазбен, сантехникалық құралдармен қамтамасыз ету сияқты қызметкерлердің еңбек жағдайын, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсартатын бірқатар жайттар қарастырылған. Жоспардың бір жылға шаққандағы жалпы құны 7 млрд. теңгеден асады.

Қоғамдық тамақтану – бұл да Компания басымдық берген аса маңызды салалардың бірі. Еңбеккерлерді сапалы әрі құнарлы аспен, дәмді пісірмелермен қамтамасыз теу мақсатында жауапты құрылымдық бөлімдер мен кеноры қызметкерлерінің қатысуымен бракераждық комиссия құрылды. Қызметкерлермен тығыз байланыс орнатылып, күнделікті ұсынылатын ас мәзіріне қызметкерлер сұранысымен ішінара өзгерістер енгізілді – салаттар көлемі мен атауы артты, жеміс-жидек көлемі ұлғайды, құрғақ рацион құрамы өзгертілді. Қорыта айтқанда, ас сапасына деген талап күшейді.



Бүгінгі таңда Компания кенорындарында амбулаториялық пункттер, ал Ақтау қаласында тек Компания мұнайшылары мен олардың жақын тумаластарына ғана қызмет көрсететін арнайы емханалық кешен жұмыс істеп тұр. Медициналық қызметтерді 2022 жылдан бастап сала көшбасшыларының бірі «Нейрон-Мед» ЖШС көрсетеді.

Бұл салада да тілге тиек етерлік жайт аз емес. Мәселен, 2022 жылға дейін қызметкерлер үшін бекітілген тегін дәрілік заттар тізімі 220 дәрі түрін құрап, оған жылына 25 млн. теңге бөлінетін болса, 2022 жылдан бастап тегін дәрілер тізімі 286 атауға дейін өсіп, оған жылына 60 млн. теңге бөлінетін болды. Оған қоса, 2022 жылы алғаш рет әр қызметкерге дәрі-дәрмек сатып алуға 5 АЕК көлемінде бір реттік төлем жасалды. Сонымен қатар, қызметкерлердің жақын екі тумаласына көрсетілетін медициналық қызметтер ауқымы да артты. Мысалға бұрын оларға зертханалық-аспапты зерттеулердің 10 түрі ғана қол жетімді болса, енді олардың саны 20 асты. Бұл - саладағы өзгерістердің бір сыпырасы ғана. Жалпы, осы бағыттағы қызметтер сапасын арттырып, жоғары талаптарға сай жүзеге асыру үшін Компания бюджетінен жыл сайын 700 млн. теңгеге жуық қаражат бөлініп келеді.

Өз кезегінде, жұмыскерлерге медициналық қызметтер көрсететін «Нейрон-Мед» ЖШС де қол қусырып отырған жоқ. Қызметкерлер денсаулығын қадағалау үшін ауадай қажет ультра дыбыстық зерттеу аппараты, көз ауруларын анықтайтын POTES PRK-7000, лор кабинеті, ЭКГ аппараттары сияқты замауи құрылғылар сатып алынды. Мамандар жетіспеушілігі жойылып келеді. Ауырып қалған қызметкерлерді жедел тасымалдауды қамтамасыз ету үшін санавиация қызметі жолға қойылды. Жалпы, серіктестікпен келісім шарт жасақталған 9 ай ішінде «Нейрон-Мед» тарапынан медициналық қызметтер сапасын жақсарту үшін 100 млн. теңгеден астам инвестиция жасалды. Бұл да өтіп бара жатқан жылдың бір жетістігі.

Айтпақшы, жоғарыда аталған қоғамдық тамақтану, медицина және тұрмыстық қызмет секілді салалардағы мәселелерді шұғыл анықтап, дер кезінде шешу үшін +7 771 545 18 30 телефон нөмірі бойынша ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ іске қосылды. Егер аталған салалардағы қызмет түрлері бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, осы нөмірге тіркелген WhatsApp хабарламалар жүйесіне дәл қазір жолдаңыз.

Өндіріс тасы өрге домалады. Иә, Компанияның негізгі қызметі бойынша да жағымды жаңалықтар аз емес. Мәселен, көп жылдар бойы назардан тыс қалып келген Жетібай кенорындағы кешенді мұнай дайындау және тасымалдау цехында жетілдіру жұмыстарының бірінші сатысы сәтті аяқталды. Нәтижесінде цехтың әлеуеті артып, тәулігіне 40 мың текше метрден астам мұнай өңдеуге жететін болады. Геологиялық-техникалық шаралардың қарқыны күшейді, жер қабатындағы су

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Геология және барлау департаментінің директоры Күләш Рахатова геологиялық барлауды дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің «Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Бес бірдей қызметкеріміз «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінің 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі Абдол Бижанов, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ ФЗЖӨЖЦ 5-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Асхат Қазиев, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨК 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Қуаныш Серікбаев, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қабат қысымын ұстау цехының 4-дәрежелі операторы Серікбол Айжарықов және «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ Механикалық цехтың 5-дәрежелі темір жонушысы Рахат Иман Қызылорда қаласында өткен «Қаз-МұнайГаз» ҰК» АҚ «Үздік маман – 2022» кәсіби шеберлік байқауында жеңімпаздар сатысынан көрінді.

Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар күніне орай, өңір басшысы Нұрлан Ноғаев әріптесіміз, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергі-

## Сіз білесіз бе?

# 1967

➤ 1967 ж. қаңтар айында «Жетібай» және «Бектұрлы» кенорындары өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

➤ Дүниежүзіндегі алғашқы бірегей «Өзен-Гурьев-Куйбышев» трансконтиненталды «ыстық» мұнай құбырының құрылысы басталды.

ағысын шектеу бойынша технологиялар сынақ ретінде енгізілді, жаңа ұңғымалар қазылды. Осы жұмыстардың және Жетібай кенорны мұнайшыларының табанды еңбегінің арқасында кенорын тәуліктік мұнай өндіру көлемі 7000 тоннадан асты. Мұндай жоғары көрсеткіш Жетібай кенорында соңғы рет 1981 жылы тіркелген болатын. Рекорд жаңартылды! Бұған қоса Жетібай кенорындар тобына тиесілі Оңтүстік Жетібай, Алатөбе және Оймаша кенорындарының игеру мерзімі ұзартылды.

Ал Қаламқас кенорны 2022 жылы өзінің 170 миллионыншы тонна мұнайын өндіріп, ел игілігіне елеулі үлес қосты!

Бірнеше жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндіріс алаңдарында бір де бір ауыр оқиға тіркеліп, адам жарақаты орын алған жоқ. Осы орайда, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының бұйрығымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласы бойынша ең үздік өндірістік Компания деп танылып, өлкемізде азаматтық қорғаныс саласының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Компаниямыздың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Аманқос Сырымұлы Мұңғалов алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ, Аманқос Сырымұлы 2022 жылы осы саладағы кіршіксіз еңбегі үшін «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ естелік белгісімен және Маңғыстау облысы әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды.

лікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің» «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ төрағасы Бекес Құлмұрыновқа кәсіподақ қозғалысының қалыптасуы мен дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс айтып, Алғыс хат табыстады.

«Үздік Өнеркәсіптік Маман-2022» байқауында қос бірдей әріптесіміз «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының операторы Азат Темірәлиев және «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының дәнекерлеушісі Айболат Сейітов 21 үміткердің арасынан суырылып шығып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Қадірлі оқырман, 2022 жыл ұжым есінде осындай жарқын сәттермен қалды. Ұжымның ұйымшылдығы мен ұтымды ұсыныстарының арқасында осы жылы еңбегіміз бұдан да еселі боларына сенеміз!



Осы сілтеме арқылы мақаламен толық танысуға болады



# Цифровые технологии на помощь экологии

АО «Мангистаумунайгаз» одним из первых среди группы компаний «КазМунайГаз» запустило автоматизированную систему мониторинга эмиссий (АСМ) в окружающую среду. Комплексное оборудование АСМ установлено на газотурбинной электростанции (ГТЭС) производственного управления «Каламкасмунайгаз» и успешно прошло тестовые испытания.

Датчики установлены непосредственно на газывыводящих трубах ГТЭС, вся собранная информация передается в информационно измерительную систему (ИИС). Данные о результатах выбросов загрязняющих веществ, сформированные в ИИС направляются в систему SCADA, установленную на автоматизированном рабочем месте оператора. Для передачи отчетности в Министерство экологии и природных ресурсов РК система формирует усредненные данные каждые 20 минут. Срок хранения архивированной информации – не менее 5 лет. Полученные в режиме онлайн данные позволяют корректировать режим работы установок и контролировать уровень их воздействия на окружающую среду.

«САМ в режиме реального времени позволяет отслеживать содержание



оксида и диоксида азота, оксида углерода, метана в отходящих газах, измерять скорость потока, температуру, давление и относительную влажность», - отметил и.о. директора департамента автоматизации, информационных технологий и связи АО «Мангистаумунайгаз» Ринат Ибрашев.

В настоящее время вся информация поступает только оператору объекта, однако уже в ближайшее время АСМ будет интегрирована с информационной системой «Единый


экологический портал», после чего данные в режиме реального времени будут доступны уполномоченному органу в области охраны окружающей среды.

Ввод в эксплуатацию подобных уникальных систем – это не только важный этап модернизации предприятий, но и повышение экологической эффективности и прозрачности.

**Это интересно:**  
**1969**

- На месторождении «Жетыбай» добыча нефти доведена до 1 млн. тонн в год.
- По Казахстану - до 10 млн. тонн.

## Выполнение плана добычи нефти за 2022 год



ПЕРЕВЫПОЛНЕНИЕ +4 тыс.тонн НЕФТИ



ПРИЧИНЫ ОТКЛОНЕНИЯ

- +48% ✓ Выполнено **343** операций ГТМ при плане **131** операций
- +42% ✓ Выполнено **226** операций ГРП при плане **136** операций
- 12% ✓ Негативное влияние остановки подрядных буровых компаний и отказ от бурения со стороны ТОО БК «Великая Стена» из-за увеличения стоимости ТМЦ (14 скв)
- 1% ✓ Частые аварийные отключения и ограничения по снабжению электроэнергией со стороны МРЭК
- ✓ Увеличения простоев в период январь-март 2022 г

За 2021 год фактическая добыча нефти составила **5 888 тыс. тонн**

По итогам 2022 года было добыто **6 097 тыс. тонн** нефти, что превысило прошлогодний уровень на **209 тыс. тонн**

Плановый объем добычи на 2023 год составляет **6 206 тыс. тонн** нефти



## Өз ісіне жауапты маман

**Өндірісте өмірінің тең жартысын өткізген еңбексүйгіш мұнайшылар қатары көп. Ширек ғасыр осы салада еңбек етіп, есейген Жұма Қаратаевтың өмір жолы осы сөзіміздің айғағы болмақ. Ол 1976 жылы туған. Жетібай ауылындағы №3 орта мектебін тәмамдаған соң, бозбала шағынан еңбекке ерте араласты.**

1999 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының «мұнаймен ластанған топырақты жинау, тазалау» учаскесіне мұнай тазалаушы болып қызметке қабылданады. Аталған цехта табанды еңбек ете жүріп, слесарь, кейіннен 5-ші дәрежелі оператор болып ауысты.

– Жетібай кенорнында жұмыс істегеніме 24 жылға жуық уақыт болды. Ұжымда 3 бригада ауысыммен қызмет істейді. Бүгінде 30-ға жуық мұнай тазалаушылар өз міндеттерін мүлтіксіз атқарып, цех жұмысының алға жылжуына сеп болып отыр, – дейді Жұма Қаратаев.

Заман өзгерді, техника дамыды деп қанша айтсақ та, адамзат топырақты алмастыра алатын жасанды дүниені ойлап тапқан жоқ. Біз тіршілікке керектінің бәрін топырақтан аламыз. Сондықтан да, мұнаймен ластанған

топырақты тазарту, залалсыздандыру жұмыстары аса маңызды. Осы ретте МЛТЖТУ цехы өңір экологиясына аса мән беріп келеді.

– Мұнайды өндіру, тасымалдау кезінде ластанған объектілерге тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Топыраққа төгілген мұнайды арнайы қондырғымен сорып, кейіннен 80-90 градус температурада қайнату арқылы майы сүзіледі. Тазартылған сұйықтықты коллекторлар көмегімен айдау және өткізу цехына жібереміз, – дейді білікті маман.

Өндірісте өз орнын тапқан кейіпкеріміз – бүгінде жұбайы Бейнегүл Қаратаевамен 3 бала тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі.

«Қай саланы таңдасаң да білім мен тәжірибе қатар ұштасса үлкен нәтиже болады. Өз саласын жетік білетін маман ғана әріптестерімен де тіл табыса алады, – дейді еңбек адамы.

«Адамдар сенен көмек сұраса қол ұшын создан бас тартпа» деген ұстаныммен өмір сүріп, абырой жиған Жұма Қаратаевтың еселі еңбегі көп жанға үлгі болары анық. «Азаматына қарап ауылын таны» дегендей, ұйымшыл ұжымның үлгілі ісін көрсетіп жүрген кейіпкеріміздің алдағы жұмысын толағай табыс тілейміз!

## Абырой биігіндегі азамат

**Ісі мен сөзі сай келіп, білімі мен білігі ұштасып, жауапкершілік жүгін арқалағандардың қатарында кейіпкеріміздің де есімі ерекше аталады. Түн қатып, күн шабуылдап қара алтын өндірісіндегі ауыртпашылықты «берекелі күннің ризығы» деп ұғатын еңбек адамдарының елеулі істерін қалай мадақтасақ та жарасады.**

**Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз өндіріске өмірінің қырық жылын арнаған білікті маман.**

Сабыр Самиев – Шебір ауылының тумасы. Ол Тұщықұдық ауылындағы орта мектепті тәмамдаған соң, екі жылдай совхоз жұмысына араласады. Кейіннен әскер қатарының сапында азаматтық борышын өтеп, елге келген соң, 1984 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында оператор болып еңбек жолын бастайды. Бүгінде технологиялық сораптар машинисі болып қызмет істеп жүрген Сабыр Самиевтің өндірістен тапқан марапаты да мол. Ұжым алдындағы мерейі де үстем. Бүгінде ағаны ұстаз тұтатын әріптес, жора-жолдастың қатары көбейген.

Сабыр аға қызмет істейтін мұнай айыру және өткізу цехы – қара алтын өндірісінің жүрегі десек те болады. Өйткені, аталған цехтың көмегімен тәуліктік жоспар жүзеге асып, ел дамуының көрсеткішіне айналып отыр. Адал қызмет қып, абырой жиған маман осы ретте ұжым жұмысшыларына артылатын жауапкершіліктің зор екенін айтады.

– Қазіргі уақытта ұжымда 70-ке жуық адам бар. Жауапкершілік бар жерде жұмыс та өнімді, еңбегің де бағалы. Босаңсуға әсте болмайды. Бұл берісі біздің адал еңбегіміз, отбасымыздың нәпақасы болса, арысы мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды ғой. Сондықтан өндіріске келген әрбір адам мұны терең түсінеді деп ойлаймын, – дейді білікті маман.

Еңбекпен есейген Сабыр аға бүгінде бақытты шаңырақтың иесі. Құдай қосқан қосағымен екі ұл тәрбиелеп, немере сүйіп, ұрпақтарының қызық-қуанышын елінің ортасында базарлап отырған абзал азамат. Ал азаматқа еліне қызмет етуден, ұрпағын ұшпаққа шығарам деп тірлік кешуден артық мұрат бар ма?!

Жаннат Нұрғали



# Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментіне 10 жыл



Осы жылы қаңтарда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің қызметкерлері мерейтойын атап өтеді. Осыдан тура 10 жыл бұрын 2013 жылдың қаңтарында бұрғылау бөлімі өндірістік департаменттің құрамынан шығып, өз алдына құрылымдық бөлімше болып жасақталды.

ҰБЖКЖД бірінші басшысы Берік Жиенбаев болды, содан кейін әр жылдары Департаментті Секербай Байманов, Ерлан Қарайшықов, Асқар Тыныштықов және Ян Юэуха басқарды.

Қазіргі уақытта департаментті Бауыржан Батырғалиев пен Чжан Юнцзян басқарады. Аталған бөлім жаңа ұңғымаларды әзірлеу, бұрғылауға техникалық жобаларды дайындау, сондай-ақ ұңғымаларды күрделі жөндеумен айналысады. Егер 10 жыл бұрын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ кенорындарында 153 ұңғыма бұрғыланып, 615 ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізілсе, 2022 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше 173 және 902 ұңғыманы құрады. Жалпы 10 жыл ішінде сала мамандарының көмегімен қосымша 3 593 048 тонна мұнай өндірілді.

Бұрғылау департаментінің ұжымы шағын болса да өте ұйымшыл әр қызметкер өз міндеттеріне адал,

ортақ мақсаттарға жету жолында талай кедергілерді еңсеріп келеді.

- Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық әріптестерімді, сондай - ақ департамент ардагерлері Қ.Өтесіновты, А.Жандалиевті, Н. Шамиловты, Е. Қарайшықовты, Б. Демеуовты, С. Баймановты және т. б. мерейтоймен құттықтағым келеді. Барлық ардагерлерге департаменттің дамуына қосқан зор үлесі үшін, жас ұрпаққа берген тәжірибесі мен білімі үшін алғыс айтқым келеді, ал әріптестеріме жаңа еңбек жетістіктерін тілеймін, - дейді Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті директорының орынбасары Б. Батырғалиев.

## Қауіпсіздік - басты басымдық

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында еңбек ұжымын табиғи және техногендік төтенше жағдайлар туындаған кезде іс-қимыл ережелерімен таныстыру жұмыстары басталды.

Осыған байланысты Қж/еЕК, ҚОҚД азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобының мамандары қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі қажетті шаралар туралы толық



нұсқаулықтарды қамтитын бейне нұсқама әзірледі.

- Қазіргі уақытта біздің мамандар Қаламқас және Жетібай кен орындарындағы цехтарда, учаскелерде мұнайшылармен кездесулер өткізіп, бейнероликтің көмегімен әріптестеріне төтенше жағдайдың туындауын болдырмауға мүмкіндік беретін профилактикалық және өзге де іс-шаралар туралы айтып жатыр, - дейді Қж/еЕК, ҚОҚД азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай тобының жетекшісі Азамат Якиев. - Әдетте табиғи төтенше жағдайларға табиғи апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі және т.б.), техногендік жағдайларға жарылыстар, апаттар жатады. Біз кез келген төтенше жағдайға дайын болуымыз керек. Біздің басты міндетіміз - ТЖ-ға жол бермеу, штаттан тыс жағдайдың туындауының алдын алу және қажетті шараларды қабылдау.

Өткен жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ нысандарында табиғи немесе техногендік апаттың бірде-бір оқиғасы тіркелген жоқ, ҚжЕК, ҚОҚД АҚж/еТЖ мамандары 2023 жылы да барлық ұжымның үйлесімді және сауатты әрекеттері төтенше жағдайлардың туындауына жол бермейді деп үміттенеді, өйткені қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі - бұл компанияның өндірістік қызметінің басты басымдығы.



# «Neiron-med» медициналық орталығы: бүгінгі мен ертеңі



**Ойланып қарасаң, күллі байлықтың жиынтығы не ақша, не болмаса таудай үйілген алтын емес, деннің саулығы ғана. Сол себептен, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса ем іздеп, бәріміздің дәрігерлердің алдына баратынымыз анық.**

**Олай болса, мұнайшылар денсаулығының сақшысы болып «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы медициналық құрылымын басқарып отырған, «Neiron-med» медициналық орталығы Ақтау қаласындағы филиалының қызметі, тыныс-тіршілігі, кешегісі мен бүгінгі қандай? Осы турасында медициналық компания бас дәрігерінің орынбасары Динара Әзірбайқызы Бекиевамен сұхбаттасуды жөн көрдік.**

- «Neiron-med» компаниясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медициналық құрылымын басқаруға алғалы бір жыл уақыт өтті. Сол мерзімнің басында осы құрылымның жағдайы қандай еді, қысқаша тоқтала кетсеңіз.

- Сол бір жылдың алғашқы 3 айы тендер қорытындысы шыққанша уақытша жасалған шарт мезгілі болды. Біздің ұзақмерзімді шарт аясындағы жұмысымыз былтырғы сәуір айында басталды, яғни дәлірек айтсақ біздің жоспарлы жұмысымыз 9 ай ғана жүріп тұр. Енді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медициналық құрылымының былтырғы, 2022 жылдың басындағы жайына келелік:

Ақтау қаласындағы емханада 15 дәрігер, 38 орта буын мамандары, 5 санитарка және 4 басқа сала мамандары, барлығы 75 маман, Қаламқас кенорнындағы дәрігерлік амбулаторияда 6 дәрігер, 10 орта буын мамандары және 4 санитарка, барлығы 20 адам, ал Жетібай кенорнындағы дәрігерлік амбулаторияда 1 дәрігер, 12 орта буын мамандары және 1 санитарка, барлығы 14 адам жасады, жалпы құрылым бойынша қызметкерлердің саны 109 адамды құрады.

Осыған байланысты айта кетелік, бүгінгі күні бұл мамандардың құрамы мынадай: Ақтау қаласындағы емханада 27 дәрігер, 41 орта буын мамандары, 6 санитарка және 21 басқа сала мамандары, барлығы 95 қызметкер, Қаламқас кенорнындағы дәрігерлік амбулаторияда 10 дәрігер, 11 орта буын мамандары және 4 санитарка, барлығы 25 адам, ал Жетібай кенорнындағы

дәрігерлік амбулаторияда 2 дәрігер, 16 орта буын мамандары және 2 санитарка, барлығы 20 адам жасады, жалпы құрылым бойынша қызметкерлердің саны 140 адамды құрайды. Көріп отырғандарыңыздай бір жыл ішінде 31 маман қосылды.

Мәселе мамандардың санының жалпы санының өсуінде ғана емес, өзгеріс осы құрылымда бұрын болмаған жаңа бейінді мамандардың пайда болуында.

” *Мысалы, осы жүйеде бұрын ешқашан болмаған гастроэнтеролог, инфекционист, пульмонолог, ревматолог, аллерголог мамандары пайда болды.*

Дәрігерлік ем-дом жүргізу істері ішкі және сыртқы бақылауда болуы керек. Сыртқы бақылау - мемлекеттік құрылымдардың жұмысы, ал ішкі бақылау компанияның өзінің аудиті арқылы атқарылады. Осы қызметті жасау үшін жаңадан эксперт-дәрігер алынды.

Қаламқас кенорнында массажистер пайда болды. Бұл кенорнындағы мұнайшылар үшін өте жағымды жаңалық болды. Ол жерде 2017 жылға дейін болып, кейін трансформациялық өзгерістерден кейін штаттан алынып тасталған стоматолог-дәрігерлер қайтадан әкелінді.

- **Енді емхана мен оның кенорындардағы дәрігерлік амбулаториялардың жай-жапсарына ауысалық. Былтырғы жыл басында олардың медициналық құрал-жабдықтармен қамтылуы қандай еді, бүгінгі күні қандай өзгерістер жасалды?**

- Біз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ медициналық құрылымын басқаруға алған кезде бұрын Түркиялық «Orhun medical» компаниясының субмердігерлік қызметін пайдаланып келуіне байланысты зертхана қызметі әлсіз болды. Сол сияқты офтальмология, ЛОР-кабинеттердің жабдықталуының төмендігі көрінді. Бұрыннан тұрған магнитті-резонанстық және компьютерлік томографтар қатты деңгейде бұзылған күйде болды да, олардың ақысын төлеп өз орындарында қалдыру мүмкін болмады. Амбулаторияларда электрокардиографдың жетіспеушілігі байқалды, ларингоскоптар болмады, яғни жасанды дем қажеттілігі пайда болған кезде кеңірдекке түтік енгізіп (интубация жасап), аппаратқа қосу мүмкіндігі шектеулі болды.

2022 жыл басында біздің алдымыздағы мердігер компания офтальмология кабинетінің құрал-жабдықтарын өздерімен алып кетуі себепті, біз шұғыл түрде ол қызметті қайтадан толықтай жабдықтадық. Бүгінгі күні көздің көру алаңын анықтайтын периметр аспабы ғана жетіспейді. ЛОР-кабинеттегі ЛОР-комбайн жаңартылды. Эксперттік классты ультрдыбыстық Mindray DC-70 сканері, лаборатория қызметіне XP-300 (Sysmex, Japan) гематологиялық, BioChem FC-120 (High Technology, Inc, USA) биохимиялық, CL-50 Plus (High Technology, Inc, USA) зэр анализаторлары, коагулометр (Coagulation analyzer TS-4000, High Technology, Inc, USA) алынды. Амбулаториялардағы ЭКГ-аппараттар (12-каналды электрокардиограф, Axion, Ресей, ЭК12Т-01-«Р-Д», ООО НПП «Монитор», Ресей) жаңартылды, ларингоскоптар (KaWe, Medizintechnik, Germany) жеткізілді.

- **Айтуыңызға қарағанда емхана мен амбулатория біршама жаңарып қалған сияқты. Осы оң үрдіс жалғасын таба ма?**

- Бұл іс жалғасын табуы керек және ол үнемі жүретін болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, емхананың физиотерапия қызметі жоғарғы деңгейлі мамандары болғанымен көптеген аппараттарға мұқтаж, бары – ескі-құсқы, тозған, бір ғана BTL combi-5000 ультрдыбыстық және электрремдеу аспабынан басқалары жаңартылуы қажет. ЛОР қызметі жаңа аудиометр алуды керек етеді. Біздегі рентгенаппарат (Shimadzu, Japan) ескілеу болса да сапалы, бірақ ол аналогты түрде, ол сандық түрге ауысуы қажет, ол үшін ең болмағанда сандандырғыш (оцифровщик) алуымыз керек. Әйтпесе, рентгенограммаларды электрондық форматқа аудара алмай-

мыз. Әрине, ең басты құралдар – олар магнитті-резонанстық және компьютерлік томографтар. Диагностикалық аса маңызды бұл құралдар биыл алынуы тиіс.

- **Жұмыстарыңыздағы оң өзгерістер байқалады. Ал бұл жетістіктеріңіз пациенттердің аурушаңдығы көрсеткіштеріне әсер ете алады ма?**

- Аурушаңдық: бастапқы орында тыныс алу жүйесінің аурулары алып отыр (2021/2022 жылдары тиісінше - 445/486), екінші орында – сүйек-буын жүйесінің аурулары (2021/2022 жылдары тиісінше - 356/432), үшінші кезекте – қан айналу жүйес аурулары (2021/2022 жылдары тиісінше - 168/248), одан кейін – ас қорыту жүйесінің науқастары (2021/2022 жылдары тиісінше - 130/179).

Науқастардың әртүрлі шағымдарымен дәрігерге қаралуы (посещение) көбейіп жатыр: 2021/2022 жылдары тиісінше - 10454/19295. Оның негізгі себептерінің бірі кейбір аурулардың көбейіп кетуі. Мысалы, жоғары тыныс алу органдарының ауруларын алып қарайық: (2021/2022 жылдары тиісінше – 289/432). Бұл – көпшілікке белгілі жайт. Қазір әлем бойынша да, республика бойынша да, біздің облысымызда да вирустық-респираторлық аурулар қатты өршіп тұр. Ас қорыту жүйесінің ауруларының көбеюі: (2021/2022 жылдары тиісінше - 130/179), жүрек-тамыр аурулары - 2021/2022 жылдары тиісінше - 168/248, сүйек-буын аурулары - 2021/2022 жылдары тиісінше - 356/432. Бұл көрсеткіштер көптеген аурулардың ұлғайып тұрғанын көрсетеді. Біздің мақсатымыз - осылардың әрқайсысымен күрес жүргізу.

- **Диспансерлік аурулар бойынша жасалған жұмыстар жөнінде қандай мәлімет бере аласыз?**

- 2021 жыл басында 1289 адам диспансерлік есепте тұрды, 2022 жылы олардың саны 1065 адамға дейін азайды. Айырмашылығы – 224 адам. Олардың 21-і әртүрлі аурулардан қайты, қалғандары – науқастары түзелуіне немесе әрі қарай жіті қадағалаудың қажетсіздігіне және кейбір пациенттердің зейнеткерлікке өтуіне байланысты есептен шығарылды.

Диспансерлік бақылаудағы науқастардың басым бөлігі – қан айналымы жүйесінің аурулары (2021/2022 жылдары тиісінше - 777/751), келесі кезекте – эндокриндік жүйе аурулары (2021/2022 жылдары тиісінше - 220/203 (олардың бесеуі - қайтты), одан соң – тыныс алу жүйесінің аурулары (2021/2022 жылдары тиісінше - 113/27), одан әрі – ми қан айналымы жүйесінің ауытқушылығы (инсульттер - 2021/2022 жылдары тиісінше - 28/27).

## Жетістік – еңбек еткенге иіледі



42 жыл өлке өндірісін алға сүйреп, бір қызметте табан аудармай абырой жию – кезкелгеннің еншісіне бұйыра бермейтін бақ. Досан Мизамбайұлы өндірістің сол кездегі барлық ауыртпашылығын еңсере жүріп, тәжірибе жиды. Білікті маман болып қалыптасты. Мұнай өндіру технологияларының жетісе қоймаған тұсында жұмысшылардың білек күшімен талай игілікті іс жасалды. Межелеген жоспар да орындалып, өндіріс тоқтаусыз алға жылжыды.

Досан аға қай кезде де үздік мамандардың қатарынан табылды. Осы жылдар ішінде бірнеше шәкіртті тәрбиелеп өсірді. Олардың көбі қазіргі таңда «Мұнай-телеком» ЖШС-де жоғарғы лауазымдарда қызмет атқарып жүр.

Жақсы ағаның өндірістен тапқан марапаты да мол. Ол 2011 жылы «Маңғыстау мұнайына - 50 жыл» төс белгісімен марапатталса, араға екі жыл салып «Үздік маман» кәсіби байқауында топ жарды.

Бүгінде Досан аға Құдай қосқан қосағымен ұл-қыз өсіріп, немере-жиен сүйіп отырған бақытты шаңырақтың иесі.

«Екі дүниең абат болсын, қос тойың қабат болсын» деген жақсы сөз бар қазақта. Досан Мизамбайұлын 63 жас мерейтойымен қатар келген құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтаймыз. «Еңбектің зейнетін көріп, балаларыңыздың ортасында аман-есен жүре беріңіз» деген ұжым атынан ақжолтай тілек бар.

«Мұнайтелеком» ЖШС

«Ештеңені білмейтін, ештеңені білуге талпынбайтын адамның жағдайы қиын. Өйткені оның бойында екі кесел бар: бірі – топастық, екіншісі – жалқаулық» деген екен Платон. Әлбетте, «Алма піс, аузыма түс» деп жатудан артық азап жоқ. Себебі, жетістік – еңбек еткенге иіледі. Бұған дәлел Досан Ағиманның табысты тірлігі. Оның «Мұнайтелеком» мекемесінде жұмыс істегеніне 42 жыл толады.

Жыңғылды ауылының төл перзенті, 1980 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін, 2 сәуірде "Маңғышлақмұнай" өндірістік бірлестігінің байланыс кеңсесінде 2-дәрежелі желілік қызметтің электромонтері болып еңбек жолын бастайды. Қазіргі таңда ол кабель-дәнекерлеушісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

## Технологиялық объектінің құрылысы аяқталды

Екпінді еңбегімен биіктен көрініп келе жатқан «Oil Construction Company» ЖШС 2022 жылдың жемісі - бірнеше маңызды нысанның құрылысын аяқтап, іске қосты.

«Өзенмұнайгаз» АҚ тапсырысы бойынша мұнайды тауар жағдайына жеткізіп, магистралды мұнай құбыры жүйесіне айдау цехының аумағындағы шеткі сепарациялық қондырғының құрылысын мысалға келтіруге болады. Бұл қондырғы мұнай өндірісі мен тасымалы процесінде маңызды роль атқарады. Судан тазартылып, шеткі сепарациялық қондырғыға келіп түскен мұнай атмосфералық қысыммен газсыздан-

дырылады да өздігінен технологиялық сұйыққоймаларға қарай ағады.

Құрылыс нысанының жұмыс жүргізу сапасы үнемі бақылауда болып, жүргісі мен ырғақтылығы оңтайлы ұйымдастырылды. Жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы талаптарының қатаң сақталуы баста назарда ұсталып, жұмыстардың жоба-сметалық құжаттарға сай, технологиялық бірізділікті сақтай отырып, мүлтіксіз орындалуының арқасында өндірістік жоспар орындалды.

А.Есбосын  
«Oil Construction Company» ЖШС



## «ОТК»-дағы оң өзгерістер



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің осы күнге дейін атқарған жұмысы мен алға қойған мақсаты жүйелі түрде жүзеге асып, біршама оң өзгерістер орын алды.

«ОТК» және Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы тапсырыс беруші мекемелер бойынша өндірістік жоспарды 100 пайызға орындады.

«ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК қолдауымен біздің мекеме 10 жаңа автобустармен толықты. 2023 жылы ел болып еңсерер, жұрт болып жұмылып атқарар істердің қатарында – автопаркте жаңартуды жалғастыру болмақ. Жоспар бойынша 12 жаңа техника: 4 Toyota Coaster, 7 Hyundai Universe автобустары және 1 «Қамаз» техникасы сатып алу көзделді.

Осы жылы қызметкерлердің біліктілігін, кәсіби даярлығына арттыру мәселесіне зор көңіл бөлінді. Біздің ең басты қағидамыз – жолаушыларды қауіпсіз тасымалдау. Осы бағытта жүргізушілерге көлікті қауіпсіз жүргізу курсы ұйымдастырылды. Бүкіл жүргізуші құрамына «Қауіпсіз жүргізу» курсы бойынша халықаралық

тәжірибесі бар «жазатайым оқиғалардың алдын алу» жөніндегі корольдік қоғам (RoSPA – Ұлыбритания) аккредиттеген «RIST» компаниясы жүргізді. ROSPA компаниясы қызметкерлерге халықаралық дәрежедегі сертификат табыстады.

Қозғалыс қауіпсіздігі де елеусіз қалмады. Қауіпсіздік талаптардың орындалуын бақылау мақсатында, сонымен қатар, жол көлік оқиғаларын тіркеп отыру үшін автобустарға бейнетіркегіштер орнатылды. Осы жылы бүкіл автопаркте осы құрылғымен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Серіктестігіміз өлкеміздегі жұмыссыздықты азайту мәселесіне де өз үлесін қосып, 2022 жылы бос жұмыс орындарына Маңғыстау облысының Жұмыспен қамту орталығынан жолданған аймақ тұрғындарының ішінен конкурс арқылы 8 қызметкерді іріктеп

алды. Қазіргі таңда бұл қызметкерлер өздеріне жүктелген міндеттерін абыроймен атқарып жүр. Жылдың басында мердігер ұйым қызметкерлерінің жалақыларына индекстеу жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік пакеттері де ұлғайтылды.

Компанияның қазіргі жағдайдағы бизнес-процестерін есепке алу және талдау үшін «Бөлек есеп» жүйесін енгізу қажеттілігі туындады. Осы жылы Бағдарламаны сатып алу және жүйені енгізуді жүзеге асыру, компанияның бизнес-процестерінің тиімділігін басқаруға мүмкіндік беретін жекелеген объектілер бойынша барлық кірістер мен шығыстардың есебін жүргізу жолға қойылды.

«Еңбек өнімді болса, көңіл сенімді болар» демекші алда атқарар ауқымды жұмыстар Серіктестіктің серпінді түрде дамуына жол ашады.



# Өмірін еңбекпен өрнектеген мұнайшы

# Біздің арамыздағы батырлар



Еңбек ету қашанда береке мен ырыздықтың бастауы саналады. Дана халқымыз айтқандай еңбек еткеннің өнбегі артып, мансабы мен беделі өседі. Бүгінгі кейіпкеріміз «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 цехының операторы Қайрат Мұратов осындай еңбекқор адам десек еш қателеспейміз. Жастайынан Жетібай кенорнында еңбекке араласқан ол бүгінде әріптестеріне үлгі болып жүрген азаматтардың қатарында.

Қайрат Мұратов 1975 жылдың 1 қыркүйегінде Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы - Жетібай ауылында туған. Әкесі Қуаныш пен анасы Сәнбибі Жетібайдағы Автобаза жұмысшылары еді ол кезде. Балғын бала кезінен Жетібай кенорнын игеріп ерен еңбек еткен мұнайшылардың кәсібіне қызыққан Қайрат 1992 жылы мектеп бітірісімен, Ақтау қаласындағы №1 орта кәсіптік-техникалық училищесіне оқуға түседі.

Училищені 1993 жылы бітіріп «Маңғыстау-мұнайгаз» мекемесіне жұмысқа орналасады, содан бері Жетібаймұнайгазда оператор қызметін атқарып келеді. Еңбектен қол үзбей жүріп, 2002-2008 жылдар аралығында Қайрат Мұратов Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін «Мұнай газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша

сырттай оқып бітірді. Еңбегі еленген Қайрекең «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасының, Кәсіподақ комитетінің, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының көптеген алғыстарымен марапатталған.

Адал еңбек еткен адамның - өмірі ғибрат. «Ұжымымыз ұйымшыл, әріптестерім тәжірибелі, білікті мамандар. Еңбегінің жемісін көріп жүрген бақытты жандардың бірімін деп есептеймін өзімді, тағдырыма ризамын», - дейді мұнайшы аталғанына 30 жыл болып қалған Қайрекең.

Қайрат Мұратовтың үйі Жетібай ауылында, жұбайы Жанар Құтжанова екеуінің үш қыз, екі ұлы бар. Екі қызы тұрмыста, ұлдарының үлкені Айбек әке жолын қуған мұнайшы - «ОСК» ЖШС мекемесінде бұрғышы көмекшісі болып жұмыс жасайды, кіші қызы мен кенже ұлы мектеп жасында. Ата-әже атанған Қайрат пен Жанардың үш немересі мен бес жиені бар.

Сонау бала кезінен еңбекке бейімделген Қайрат Мұратов жұмыстан бос кезінде де қолын қусырып қарап отыра алмайды екен. Ауа-райы жайсыз Жетібай жерінде бағбандықпен айналысқан Қайрекеңнің үйінің ауласында 50-шақты жеміс ағаштары егілген: өрік, алма, алмұрт, шабдалы, жүзім, малина жайқалып өсуде.

Қайрат Мұратовтың тағы бір жақсы көретін ісі - құсшылық. Атап айтқанда - көгершін өсіру!

- Көгершін бағу - жанымға жайлы нәрсе. Көгершіндердің топырлай ұшып ойнағандарын көру мен үшін бір ғанибет. Түрлі түсті құстың қызығын бақыласам, шаршағаным басылады, уақыттың қалай өткенін де байқамай қаламын. Оларға қарап миың сергейді. Жұптасып ұшқанын көріп-ақ ләззат аласың, - дейді Қайрекең көгершіндерге деген мейірімін жасыра алмай. Бала күнінде жалғыз көгершін асыраудан басталған қызығушылық, күні бүгінге дейін тоқтамапты. Қайрат Мұратовтың құс сарайындағы 50-ден астам Бакулық, Ирандық тұқымды көгершіндер бүгінде иесінің сүйікті серіктеріне айналған.

Өмірін еңбекпен өрнектеген әріптесіміз Қайрекең, міне, осындай!

Жаңа жыл қарсаңында Жаңаөзен қаласының әкімдігінде ерекше көзге түскен тұрғындарға құрмет көрсетілді - ...мұғалімдер, медиктер, инженерлер, полицейлер, - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қауіпсіздік қызметінің теологы Ержан Танжарықов та марапатталғандардың қатарында болды: 2022 жылдың мамыр айында ол өз өмірін қатерге тігіп, көмелетке толмаған үш баланы өрттен құтқарды.



Ержан өзінің ерлігі туралы көпшілікке таратып айтқан емес, «менің орнында әр адам осылай әрекет етер еді» - дейді ол.

- Мен Жаңаөзен қаласында тұрамын, демалыс күні болатын, төртінші қабаттағы пәтеріме көтеріліп келе жатқанымда күйік иісін сездім, сәлден кейін көмек сұрап шырылдаған балалардың даусын естідім, - деп есіне алады Ержан. - Бақсам өрт болып жатқан көрші пәтердегі балалар көмекке шақырып жаттыр екен, сол кезде ол үйде ересектердің ешқайсысы болған жоқ, есік құлыптаулы болды.

Есіктің жай ғана ашылмайтынын түсінген Ержан уақытты жоғалтпай, қажетті құрал-саймандарын алу үшін үйіне жүргірі, жол-жөнекей өрт сөндірушілерді шақырып та үлгерді. Құралдардың көмегімен есікті бұзып, балаларды өртке шалынған пәтерден алып шықты, олардың ең үлкені сол кезде 10 жаста еді. Кейінірек белгілі болғандай, балалар жалғыз қалып, шаңсорғышпен ойнаған, тұрмыстық техниканың қозғалтқышы қызып кетіп өртенген екен, өрт үй жабдықтарына тез тарады, ал бірнеше минуттан кейін бүкіл пәтер отқа орна бастады...

2022 жылдың 26 желтоқсанында салтанатты жиналыста Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ержан Танжарықовқа алғыс хат табыс етті. Бірақ Ержанның өзі, ол үшін ең үлкен марапат - сол мамыр күні от тұзағынан құтқарған балалардың бақытты күлкілері екенін жасырмайды.

## Жарайсың, жетігенші Дина!

Жақсы жаңалық жетті бізге! Жақында, атап айтқанда, осы жылдың қаңтарының 8-9 аралығында «Дарын» продюссерлік орталығының Түркия елі министрлігі және «Irsad» әлеуметтік зерттеулер институтымен бірлесе отырып, Стамбул қаласында мектеп оқушылары мен жасөспірімдерге арналған I Халықаралық «Дарындар әлемі» («Мир Талантов») балалар шығармашылығы конкурсын өткізді. Осы конкурсқа жетігеншілер триосында әріптесіміз Әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаменті кеңсесінің аудармашысы Айсұлу Мұханованың 13 жасар қызы Дина қатысып, жүлделі 1-орынды иеленді.

Конкурста Түркия елінен, Қазақстанның Орал, Атырау, Ақтау, Қостанай және Қарағанды сияқты қалаларынан жүзден жүйрік 200-ге




тарта бала-өнерпаз бақ сынағанын ескерсек, өткізілген өнер додасының тартысты болғанын түсіну қиын емес.

- Қызым Дина - үйдің кенжесі. Оқуға алғыр, өнерге құштар болып өсіп келеді. Ақтау қаласындағы №13 мектеп гимназиясының 7 «а» сынып оқушысы.

Қазіргі таңда «Қарақат» мектеп-студиясында «Дарын» продюссерлік орталығының «ZHETI SAZ» триосының жетігеншісі. 7 жасынан бастап жетігенде ойнайды. Қызым қалалық, облыстық, республикалық конкурстардың лауреаты. Барыс жылының аяғында Астана қаласында Димаш Құдайберген бастаған Қазақстанның өнер жұлдыздары қатысқан «Біз біргеміз!» қайырымдылық концертіне қатысып, онда дәстүрлі әнші Қарақат Әбілдинамен бірге 100 жетігеншінің қатарында өнер көрсетті, - дейді қос жанары қуанышқа толы анасы Айсұлу.

Әріптесімізге қуанышыңыз ұзағынан болсын, - дей отырып - Халықаралық өнер сайыстарында топ жарып, өлкеміздің даңқын арттырып жүрген Дина қызымыздың өнері үстем бола берсін, шың биіктерден көріне берсін деген тілектестігімізді білдіреміз!



### МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., №1 үй,  
тел:  
212-035, 211-861  
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы  
автор пікірі редакцияның  
көзқарасын білдірмейді  
Редакция оқырман хаттарына  
жауап бермейді және оны  
қайтармайды  
Жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға  
болмайды

Газет АҚ-ның  
жұртшылықпен  
байланыс тобының  
компьютерінде  
теріліп,  
беттелді.  
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС  
баспаханасында  
басылды.  
Ақтау қаласы,  
3-Б ш/а, 55/1 ғим.  
тел: 8(7292)507000